



Ақтөбе қ.

18.11.2015 ж.

Баспасөз хабарламасы

Ақтөбе қаласында Қазақстанда ғылыми-техникалық қосымша білім берудің дамуы талқыланады

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен 2015 жылғы 18 қарашада Ақтөбе қаласында қосымша білім берудің ғылыми-техникалық бағыттағы бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Отырысқа заң шығарушы және атқарушы органдардың, ҚР білім және ғылым, әділет, инвестициялар және даму, ішкі істер министрліктерінің өкілдері, балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы бағдарламаларын жүзеге асыратын жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, үкіметтік емес және коммерциялық құрылымдардың өкілдері қатысады.

Үйлестіру кеңесінде Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру сұрақтары қарастырылады.

Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру мақсатында өңірлік жоспарлар әзірленді.

Қазіргі уақытта Республикада **28** жас техниктер станциялары мен орталықтары бар, балалар сарайы мен үйірмелерінің ғылым, техника бөлімдерінің **500**-ге жуық техникалық профильдегі үйірмелері бар, олардың ішінде 7 мен 17 жастағы **28 мыңнан** астам оқушы, сонымен қатар **1896** мектеп жанындағы үйірмелерде – **27 344** бала шұғылданады. Ғылыми-техникалық бағыттағы бағдарламалар бойынша жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында **55 мыңнан** астам бала шұғылданады. Балалардың техникалық шығармашылықпен жалпы қамтылуы **2%**-ды құрайды.

Үйлестіру кеңесінде ведомствоаралық әрекеттестікті күшейту негізінде ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беруді дамытудың жаңа тәсілдерін және ұйымдастыру нысандарын анықтау сұрақтарына басты назар аударылады, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің креативті ойлау қабілеттерін дамыту үшін инновациялық технологияларды қолдану бойынша Ақтөбе қаласындағы техникалық шығармашылық орталығы мен Павлодар қаласындағы Балалар техникалық мектеп жұмысының оң тәжірибесін презентациялау жоспарлануда.

Үйлестіру кеңесіне қатысушылар қорытынды ұсынымдар қабылдайды.

Толығырақ ақпарат алу үшін келесі нөмірлерге хабарласа аласыздар:
+7 (7172) 24-93-05, 8 (702) 261-72-86; e-mail: aiman.kamzina@mail.ru